

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы үлгілік шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 683 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 26 желтоқсанда № 12522 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрық 01.01.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы үлгілік шарт бекітілсін.

2. "Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгілік шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 109 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10530 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 9 сәуірде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

В. Школьник

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 683 бұйрығымен бекітілген

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы үлгілік шарт

Ескерту. Үлгі шарт жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 10.12.2018 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

" ___ " _____ 20__ г.

(шарт жасалған орын)

_____,
(энергия өндіруші ұйымның атауы, мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, берілген күні мен органы)
атынан _____

_____,
(лауазымы, аты-жөні)
негізінде әрекет ететін

_____,
(құжаттың атауы)
бұдан әрі "Субъект" деп аталатын, бір тараптан және

(бірыңғай сатып алушының атауы, мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, берілген күні мен органы)

атынан _____

_____ ,
(лауазымы, аты-жөні)

негізінде әрекет ететін

_____ ,
(бірыңғай сатып алушының құрылтай құжаты)

бұдан әрі "Бірыңғай сатып алушы" деп аталатын, екінші тараптан, бұдан әрі бірге "Тараптар", ал жеке – жеке "Тарап" деп аталатын, төмендегілер туралы осы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартты (бұдан әрі-Шарт) жасасты:

1-тарау. Негізгі ережелер

1. Осы Шартта мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) аттестатталған электр қуаты – тиісті аттестациялардың нәтижелері бойынша электр станцияларының аттестатталған электр қуаттарының жиынтығы, МВт-пен;

2) генерацияның жұмыс электр қуаттарының, технологиялық және техникалық минимумдардың ведомосы – Жүйелік оператор ағымдағы және алдағы есепті кезеңнің (күнтізбелік айдың) әрбір тәулігінде жасайтын құжат, оған энергия өндіруші ұйымдар ұсынған және жүйелік оператормен келісілген генерацияның жұмыс электр қуаттарының, генерацияның ықтимал электр қуаттарының, энергия өндіруші ұйымдардың электр станцияларының технологиялық және техникалық минимумдарының мәндері енгізіледі;

3) генерациялайтын қондырғы – электр энергиясын өндіретін құрылғы;

4) генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау – аттестатталған электр қуатының мәндерін және электр қуатын ұлғайту мен азайтудың аттестатталған жылдамдықтарын айқындауға бағытталған, жүйелік оператор жүргізетін іс-шаралар;

5) есеп айырысу кезеңі – электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерге есеп айырысу жүргізілетін айдың бірінші күні сағат 00-00-ден бастап сағат 24-00-ге дейінгі (орта еуропалық уақыт – Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат) күнтізбелік бір айға тең уақыт кезеңі ретінде Шартта айқындалған кезең;

6) жүйелік оператор – орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерін сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша

беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

7) жүктеменің өңірлік бейіні – қуат нарығы тұтынушыларының электр энергиясын тұтынуының (сальдо-ток ағымының) сағаттық мәндерін есептеудің жүйелік оператормен келісілген (айқындалған) алгоритмі;

8) коммерциялық есепке алу кешені – коммерциялық есепке алудың белгілі бір нүктесі мен ақпарат жинау құрылғысына қосылу нүктесінің арасында орналасқан, коммерциялық есепке алу үшін қажетті жабдық;

9) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

10) алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 15.02.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11) техникалық минимум – конденсациялық, жылуландыру, газ турбиналық және бу-газ электр станциялары үшін – тиісті паспорттық деректерге сәйкес олардың жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету шарттары бойынша, гидравликалық электр станциялары үшін – Қазақстан Республикасы Су кодексінің 40-бабына сәйкес су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар берген су шығыстарын қамтамасыз ету шарттары бойынша генерациялайтын қондырғылардың ең төмен рұқсат етілетін электр қуатының қосындысы, МВт;

12) технологиялық минимум – генерациялайтын қондырғылардың ең төменгі электр қуаттарының жиынтығы (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде), МВт-пен;

13) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет – энергия өндіруші ұйымдар Бірыңғай сатып алушыға генерациялайтын қондырғылардың белгіленген тәртіппен аттестатталған электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсететін қызмет;

14) электр қуатын төмендетудің аттестатталған жылдамдығы – генерацияның электр қуатын төмендету жылдамдығының мәнін тіркеудің басталу уақыты мен оның аяқталу уақыты арасында тіркелген энергия өндіруші ұйымның электр станциясының электр қуатын төмендету жылдамдығының орташа мәні, МВт/минутпен;

15) электр қуатын ұлғайтудың аттестатталған жылдамдығы – генерацияның электр қуатын ұлғайту жылдамдығының мәнін тіркеудің басталу уақыты мен оның аяқталу уақыты арасындағы уақыт ішінде энергия өндіруші ұйымның электр станциясының генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын ұлғайту жылдамдығының орташа мәні, МВт/минутпен;

16) банк кепілдігі – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 21 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14915 тіркелген) Банк кепілдіктері мен кепілгерлігін беру қағидаларына сәйкес ресімделген және банк клиентке (борышкер тұлғаға) оның

өтініші негізінде үшінші тұлғаның (кредитор тұлғаның) пайдасына беретін жазбаша құжат (SWIFT жүйесі бойынша шығарылады), осы құжат негізінде онда көрсетілген шарттарға сәйкес банк шекті соманы үшінші тұлғаға (кредитор тұлғаға) төлеуге міндеттенеді

17) қаржылық қамтамасыз ету – банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив түріндегі қаржы ресурстары;

18) резервтік аккредитив – борышкер тұлға бенефициар алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайдың басталуы кезіндегі соманы аккредитив бойынша бенефициардың пайдасына төлеу жөніндегі банктің міндеттемесі (резервтік аккредитив SWIFT жүйесі бойынша шығарылады).

Осы Шартта пайдаланылған өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.10.2020 № 368 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Шарттың нысаны

2. Осы Шартқа және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес Субъект электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызмет көрсетуге (бұдан әрі – әзірлікті ұстап тұру бойынша қызмет көрсету), ал Бірыңғай сатып алушы көрсетілетін қызметті сатып алуға және ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Әзірлікті ұстап тұру бойынша қызмет көрсетудің техникалық талаптары мен сипаттамалары:

– (осы тармақта Шарт мәнінің техникалық талаптары және сипаттамалары көзделеді)

4. Осы Шарт бойынша Бірыңғай сатып алушы Субъектінің әзірлікті ұстап тұру бойынша қызмет көрсетуі үшін ақы төлеуге міндеттенетін бағасы (Жеке тариф) (бұдан әрі – шарттық баға) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) Электр қуаты нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларының (бұдан әрі – Қуат нарығының

қағидалары) 11-тармағында көрсетілген санаттардың біріне Субъектіні жатқызуына байланысты айқындалады.

5. Осы Шарт бойынша Субъект Бірыңғай сатып алушыға көрсетуге міндетті әзірлікті ұстап тұру бойынша қызметтің көлемі (бұдан әрі – шарттық көлем) Қуат нарығының қағидаларына сәйкес айқындалады.

6. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің шарттық есебі, оның ішінде осы көлемде ескерілген, технологиялық тұрғыдан тек жылу тұтынуында ғана жұмыс істеуге арналған генерациялайтын қондырғыларға (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейінде) келетін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің бөлігі осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетіледі.

Бұл ретте, егер осы Шарт Қуат нарығы қағидаларының 11-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттарға қатысты болған жағдайда, осы Шартқа 2-қосымша толтырылмайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.10.2020 № 368 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Осы Шарт бойынша Субъект әзірлікті ұстап тұру бойынша қызметті көрсетуге, ал Бірыңғай сатып алушы осы қызметті сатып алуға міндеттенетін мерзім (бұдан әрі – шарттық мерзім) Қуат нарығының қағидаларына сәйкес айқындалады.

Субъектінің жылдар бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетіні қызметті сатып алудың шарттық бағасы (жеке тариф), көлемі және мерзімі осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетіледі.

8. Меншікті тұтынудың электр қуатының максималды мәні, бөлшек сауда нарығының субъектілеріне жеткізудің ең жоғары электр қуаты және Субъект экспортының максималды электр қуаты жылдар бойынша осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетіледі.

Егер Субъектінің электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы қолданыстағы шарттардың бірінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген электр қуаттарының мәндері көрсетілген жағдайда, осы Шартқа 3-қосымшада осы электр қуаттарының мәндері көрсетілмейді.

3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Бірыңғай сатып алушы:

1) осы Шартқа сәйкес Субъект әзірлікті ұстап тұру бойынша қызмет көрсетуге уақтылы ақы төлеуге;

2) Субъектіні өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шартты орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы шұғыл хабардар етуге;

3) қуат нарығының қағидаларына сәйкес осы Шартқа өзгерістер енгізуді немесе бұзуды жүзеге асыру;

4) Субъект осы Шарттың 11-тармағының 21) тармақшасын тиісінше орындаған кезде осы Шарттың 11-тармағының 23) тармақшасында көрсетілген осы Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасын қайтару (босату) туралы хатты Заңға сәйкес Субъектінің өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ететін генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды пайдалануға берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде банкке (банктерге) жолдауға;

5) Субъект осы Шарттың 12-тармағының 4) тармақшасының талаптарын орындаған кезде, осы Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді үшінші тұлға енгізген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Шарттың 11-тармағының 23) тармақшасына сәйкес банкке (банктерге) осы Шарттың талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етуді қайтару (босату) туралы хат жолдауға;

6) газ электр станциялары және гидроэлектр станциялары үшін осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген, генерацияның маневрлік режимі бар (осы Шарттың орындалуын қамтамасыз ететін) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі берілмеген кезде – осы Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасынан 30 % мөлшерінде тиісті банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив бойынша төлемге талап қоюға;

7) газ электр станциялары үшін осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 48 (қырық сегіз) ай ішінде, гидроэлектр станциялары үшін - осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) ай ішінде "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Құрылыс қызметі туралы заң) 74-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалған тәртіппен бекітілген генерацияның маневрлік режимі бар (осы Шарттың орындалуын қамтамасыз ететін) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі берілмеген кезде – осы Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасынан 100 %, ал осы тармақтың 6) тармақшасына сәйкес осы Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің бір бөлігін ұстап қалған жағдайда – осы Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің 70 % сомасы мөлшерінде тиісті банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив бойынша төлемге талап қоюға міндетті.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10. Бірыңғай сатып алушы:

1) Қуат нарығының қағидаларына сәйкес осы Шартқа өзгерістерді (түзетулерді) бұзуды немесе енгізуді жүзеге асыруға;

2) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес әзірлікті ұстап тұру бойынша қызметін алуға;

3) мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша өз құзыреті шегінде электр қуаты нарығындағы Субъектінің қызметі туралы ақпарат беруге;

4) Субъекіден осы Шарт бойынша міндеттерді орындауды талап етуге;

5) осы Шартты жасаумен және орындаумен байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

11. Субъект:

1) оның құрамына кіретін электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын шарттық көлемге тең немесе одан асатын көлемде ұдайы әзірлікте ұстап тұруға;

2) жүйелік оператордың тесттік командаларын орындауға;

3) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында ұлғайтуды және азайтуды реттеуге қатысуға жүйелік операторға күн сайын өтінімдер беруге;

4) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жалпы бастапқы жиілікті реттеу жүйесін тұрақты әзірлікте ұстап тұруға;

5) күн сайын, ағымдағы тәуліктегі сағат 11:00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) жүйелік операторға алдағы жоспарлау тәуліктеріне энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін электр станцияларының генерациядағы жұмыс электр қуаттарының, технологиялық және техникалық минимумдарының мәндері туралы ақпарат беруге, бұл ретте жүйелік оператордан ағымдағы тәуліктегі сағат 16:00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) тесттік команданы берудің жоспарланған күні туралы хабарлама түспеген кезде, алдағы тәулік ішінде генерациялайтын жабдықты жөндеуден шығарғанда (жабдықты жөндеуден шығаруға жүйелік операторға тиісті өтінім берген жағдайда) осы ақпаратты бір рет (тәулігіне бір рет) түзетуге, сондай-ақ су шығыстарының су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялардан тиісті тәуліктер ішінде келіп түскен су режимін өзгерту туралы өкімнің көшірмесін жүйелік операторға ұсынғанда осы ақпаратты қосымша түзетуге жол беріледі.

6) жүйелік операторға Субъектінің электр станциялары желісіне генерациялаудың және босатудың электр қуаттарының ағымдағы мәндері туралы және Субъектінің өзі тұтынатын электр қуатының ағымдағы мәндері туралы телеметриялық ақпарат беруге;

7) жүйелік операторға Субъектінің электр станциялары желісіне генерациялаудың және босатудың электр қуаттарының нақты сағаттық мәндері туралы және Субъектінің өзі тұтынатын электр қуатының нақты сағаттық мәндері туралы ақпаратты күн сайын беруге;

8) жүйелік операторға Субъектінің электр станциялары желісіне генерациялаудың және босатудың электр қуаттарының нақты сағаттық мәндері туралы және Субъектінің өткен есептік кезеңде (күнгізбелік айда) өзі тұтынған электр қуатының нақты сағаттық мәндері туралы ақпаратты ай сайын тіркеуге және беруге;

9) жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесіне қосу арқылы электр энергиясын коммерциялық есепке алудың өлшеу кешендерінің болуын қамтамасыз етуге;

10) жүйелік оператордың қызметкерлерін көрсеткіштерді алу, телеөлшеу тізбектері мен коммерциялық есепке алу жүйелерінің техникалық жай-күйін тексеру мақсатында коммерциялық есепке алу аспаптарына жіберуге;

11) өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы шартты орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Бірыңғай сатып алушыны дереу хабардар етуге;

12) жүйелік оператормен келісілген электр желілік, электр және жылу энергетикалық жабдықты, релелік қорғау және автоматика, аварияға қарсы автоматика құрылғыларын күрделі және ағымдағы жөндеудің жылдық, тоқсандық, айлық графиктерін бұзбауға;

13) электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдарға және тұтынушыларға, оның ішінде Бірыңғай сатып алушымен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарттары жоқ өнеркәсіптік кешендерге электр энергиясын өткізуге (сатуға) жол бермеуге;

14) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 686 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12489 болып тіркелген) Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидаларына сәйкес генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын кезектен тыс аттестаттаудан өткізуге;

15) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес Субъектінің объектілерінде орналасқан тарату құрылғыларының, аварияға қарсы автоматика құрылғыларының, электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптары мен кешендерінің тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге;

16) тиісті жоспарлау тәуліктеріне жүйелік операторға ұсынылған энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін электр станцияларының генерациясының жұмыс электр қуаттарының, технологиялық және техникалық минимумдарының мәндері туралы ақпарат бойынша айқындалатын техникалық мүмкіндік шегінде тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес генерациялау режимін сағаттық жоспарлауды жүзеге асыруға;

17) ай сайын, 28-күніне дейін жүйелік операторға алдағы есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) әрбір тәулігіне генерацияның ықтимал электр қуатының мәндері туралы ақпаратты беруге және осы ақпаратты (Қуат нарығы қағидаларының 11-тармағының 4) тармақшасына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы бірыңғай сатып алушымен шарт жасасқан энергия өндіруші ұйымдар үшін, сондай-ақ тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін (құрамына күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде қалаларды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары ғана кіретін) энергия өндіруші ұйымдар үшін) жүйелік оператормен келісуге міндетті;

18) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20554 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу қағидаларына сәйкес айқындалатын тәртіппен жыл сайын жүйелік оператормен реттеу шартын жасасуға;

19) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10532 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына сәйкес айқындалатын тәртіппен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысуға;

20) газ электр станциялары және гидроэлектростанциялар үшін осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген, генерацияның маневрлік режимі бар (осы Шарттың орындалуын қамтамасыз ететін) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесін ұсынуға;

21) газ электр станциялары үшін осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 48 (қырық сегіз) ай ішінде, гидроэлектростанциялар үшін осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс ай) ішінде Құрылыс қызметі туралы заңда айқындалған тәртіппен бекітілген генерацияның маневрлік режимі бар (осы Шарттың орындалуын қамтамасыз ететін) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсынуға міндетті;

22) Бірыңғай сатып алушының сұрау салуы бойынша генерацияның маневрлік режимі бар (осы Шарттың орындалуын қамтамасыз ететін) жаңадан пайдалануға

берілетін генерациялайтын қондырғыларды салудың барысы туралы ақпаратты жіберуге;

23) осы Шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Бірыңғай сатып алушыға Банк кепілдіктері мен кепілгерлігін беру қағидаларына сәйкес ресімделген, SWIFT жүйесі арқылы шығарылған банк кепілдігін немесе резервтік аккредитивті ұсыну арқылы осы Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті.

Жеңімпаз банк кепілдігін немесе резервтік аккредитивті шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor's бойынша "B" немесе Fitch бойынша "B-" немесе Moody'sInvestorsService бойынша "B3" төмен емес немесе (Қазақстан Республикасының резидент банкінің 50 % астам акциялары тиесілі) бас ұйымның рейтингі Standard&Poor ' s бойынша "BBB" немесе Fitch бойынша "BBB" немесе Moody 'sInvestorsService бойынша "Baa2" деңгейінен төмен емес Қазақстан Республикасының резидент банктерінен береді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің банктік кепілдігін немесе резервтік аккредитивін резидент емес банктер резидент еместердің қарсы міндеттемелері бойынша кепілдік шығару жолымен растайды.

Шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor's бойынша "BBB"-ден, Fitch бойынша "BBB", Moody'sInvestorsService бойынша "Baa2" төмен емес Қазақстан Республикасының резидент емес банктері тиісті қарсы міндеттемелерді шығармастан банк кепілдігін немесе резервтік аккредитивті шығара алады.

Осы Шарттың талаптарын орындау үшін қаржылық қамтамасыз етудің қажетті мөлшері _____ теңгені құрайды және осы Шарттың талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етудің үлестік құнының (теңге/МВт) және оның қолдау қызметі көлемінің көбейтіндісі ретінде айқындалады (МВт).

Электр қуатын сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етудің үлестік құны 1 000 000 (бір миллион) теңге/МВт құрайды.

Осы тармақшада көрсетілген банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив қайтарылмайтын болып табылады, оларды алушының (бенефициардың) нұсқауы бойынша толық немесе ішінара орындалуын қамтамасыз етеді, қолданылу мерзімі – осы Шартқа қол қойған күннен бастап кемінде 38 (отыз сегіз) ай;

24) алушының (бенефициардың) банкін қоса алғанда, осы Шарттың талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етуге байланысты барлық банктік комиссияларды және шығыстарды төлеуге;

25) Субъект құқықтар мен міндеттерді басқаға беру шартын жасасқанға дейін Бірыңғай сатып алушыны хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.10.2020 № 368 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

12. Субъект:

1) Бірыңғай стапы алушыдан осы Шартқа сәйкес әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке ақы төлеуді талап етуге;

2) осы Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге құқылы;

3) Заңға сәйкес осы Шарт бойынша оның міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін, маневрлік генерациялау режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар уақтылы пайдалануға берілген кезде осы Шарттың немесе оның бір бөлігінің талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасын қайтаруды (босатуды) талап етуге;

4) өзінің құқықтары мен талаптарын осы Шарт бойынша үшінші тұлғаға және осы Шарт бойынша құқықтар мен талаптарды қабылдайтын үшінші тұлғаға беру.

Осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді басқаға беру осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдайтын үшінші тұлға осы Шарттың 11-тармағының 23) тармақшасына сәйкес осы Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді бергеннен кейін жүзеге асырылады.

Осы тармақтың барлық талаптары жүзеге асырылғаннан кейін үшінші тұлға генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықтардың жеңімпазы болып танылады;

5) осы тармақтың 4) тармақшасының үшінші бөлігінде көрсетілген талаптар орындалғаннан кейін Бірыңғай сатып алушыдан Шарттың орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді қайтаруды (босатуды) талап етуге құқылы.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу

13. Бірыңғай сатып алушы осы Шарт бойынша Субъектінің әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке ай сайын, осы қызмет көрсетілген ай аяқталғаннан кейін қырық бес жұмыс күнінен кешіктірмей ақы төлейді.

Бұл ретте, осы Шарт бойынша Бірыңғай сатып алушы тарапынан ақы төлеуге Субъектімен әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін нақты көрсеткен көлемі (бұдан әрі – әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі) жатады.

Әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемін Бірыңғай сатып алушы Қуат нарығының қағидаларына сәйкес айқындайды.

Бірыңғай сатып алушы төлеуге жататын әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі туралы ақпаратты (бұдан әрі – Ақпарат) Субъектіге тиісті есептік кезең (күнтізбелік ай) аяқталған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде ұсынады.

14. Осы Шарттың 13-тармағында көрсетілген әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлеміне ақы төлеуді Бірыңғай сатып алушы Субъект төлеуге ұсынған тиісті шот-фактураның және Тараптар қол қойған көрсетілген қызметтер актісінің негізінде жүргізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шот-фактураны Субъект Бірыңғай сатып алушы Субъектіге берген тиісті ақпаратының негізінде қалыптастырады.

15. Егер Бірыңғай сатып алушы ұсынылған шот-фактураның дұрыстығын дауласа, ол Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі бекітілгеннен кейін субъектіні 10 жұмыс күні ішінде хабардар етеді және Субъектіге қарсылықтары баяндалған жазбаша өтініш береді. Бұл ретте Бірыңғай сатып алушы осы Шарттың 13-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес шот-фактураның даулы емес бөлігін төлеуге міндетті.

Бұл ретте Жүйелік оператор айқындайтын өлшемсіз коэффициенттердің мәндері өзгерген жағдайда, бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім жүйелік оператордан хабарлама алған күннен бастап есептелсін.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Бірыңғай сатып алушының әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемін төлеуі осы Шартта көрсетілген деректемелер бойынша Субъектінің ағымдағы шотына тиісті ақша көлемін аудару арқылы жүзеге асырылады.

17. Алдыңғы есеп айырысу кезеңдері үшін берешек болған кезде, бірінші кезекте төлем осы берешекті өтеуге жіберіледі. Егер Бірыңғай сатып алушы есеп айырысу кезеңінде Субъектіге тиісті шот-фактурада көрсетілген сомадан асатын соманы төлеген жағдайда, бұл асып кету айырмасы келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне есептеледі.

5-тарау. Есепке алуды ұйымдастыру

18. Субъект электр энергиясын есепке алу үшін тексерілген және пломбаланған коммерциялық есепке алу аспаптарын пайдаланады.

19. Коммерциялық есепке алу аспаптары жұмысының өзгеруіне немесе бұзылуына байланысты жұмыстардың кез келген түрін жүргізген кезде Субъект жұмыс басталар алдында бұл туралы Бірыңғай сатып алушыға жазбаша хабарлайды. Субъект жөндеу

жүргізу кезеңінде есепке алуды жүйелік оператормен келісілген уақытша схемалар бойынша жүзеге асырады.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

20. Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

21. Субъект осы Шарт бойынша ұсынылған деректер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

22. Шот-фактура бойынша төлем мерзімі басталған сәтке дейін төлемегені үшін, Субъект төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап Бірыңғай сатып алушы төлемеген сомалары бойынша тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы. Кешіктірілген сомалар бойынша Субъект Бірыңғай сатып алушыдан төлемнің әрбір кешіктірілген күні үшін Бірыңғай сатып алушының ақшалай міндеттемесін нақты орындаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселенген мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

7-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары

23. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

24. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш жағдаяттарының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеу құқығына ие болмайды. Бұл ретте, Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш жағдаяттары басталғанға дейін туындайтын осы Шарт бойынша міндеттерінен босатылмайды.

25. Егер Тараптардың біреуі еңсерілмейтін күш жағдаяттары туындаған күннен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда болса, екінші Тарап Шартты бұзуға құқылы.

8-тарау. Дауларды қарастыру

26. Егер осы Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешілмесе, онда мұндай даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 29-бабына сәйкес Бірыңғай сатып алушының орналасқан жері бойынша соттарда шешілуге тиіс.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Егер осы Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілмейтін болса, онда мұндай даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

9-тарау. Басқа ережелер

28. Осы Шарт бойынша Тараптар арасындағы жүргізілетін өзара есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

29. Тараптардың осы Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасымен реттеледі.

30. Осы Шартта көрсетілген ақпарат құпия болып табылады және осы Шартта көзделген жағдайларды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Тараптардың жазбаша келісімінсіз үшінші тараптарға ашуға және/немесе беруге жатпайды.

31. Осы Шартқа енгізілген барлық өзгерістер және қосымшалар жазбаша нысанда жасалса және оған екі Тарап та қол қойған жағдайда күшіне ие болады және қолданылады.

32. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және осы Шартқа 1-қосымшада көрсетілген Субъектінің әзірлікті қолдау бйойынша қызметті сатып алудың соңғы жылы аяқталғанға дейін қолданылады.

33. Шарт екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде, әр Тарап үшін бір данадан жасалады. Екі дана да бірдей заңды күшке ие.

33-1. Көрсетілген 1-тармақтың 16), 17), 18) тармақшалары, 9-тармақтың 4), 5), 6), 7) тармақшалары, 11-тармақтың 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25) тармақшалары, 12-тармақтың 3), 4), 5) тармақшалары осы Шартта "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-3-бабы 3-1-тармағының 1, 1-1) тармақшаларына сәйкес осы Шартты жасасқан энергия өндіруші ұйымдар үшін ғана қолданылады және солар үшін жарамды.

Ескерту. 33-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

34. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Бірыңғай сатып алушының атауы	Субъектінің атауы
Мекенжайы:	Мекенжайы:
Телефон:	Телефон:
Банктік деректері:	Банктік деректері:
_____ Т.А.Ә.	_____ Т.А.Ә.
(қолы)	(қолы)

Электр қуатының әзірлігін
ұстап тұру бойынша
көрсетілетін қызметті сатып
алу туралы үлгілік шартқа
1-қосымша

Субъектінің жылдар бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алуының шарттық бағасы (жеке тариф), көлемі және мерзімі*

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	Кезең, жыл**	ҚҚС есебінсіз электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы, (жеке тариф), мың теңге/(МВт* айына)	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі, МВт*ай	Оның ішінде: технологиялық тұрғыдан тек жылуды пайдалану арқылы жұмыс істеуге арналған, осы көлемде ескерілген генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің бір бөлігі, МВт***	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің мерзімі, жылдар****
-------	--------------	--	--	--	---

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәні ондыққа дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** - Субъектінің электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімінің әр кезеңі мына форматта көрсетіледі: 20__ ж.

*** - егер электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт Қуат нарығы қағидаларының 11-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартқа қатысты болған жағдайда бұл баған толтырылмайды.

**** - Субъектінің электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі оның әр кезеңі үшін бірдей форматта көрсетіледі: 20__ - 20__ жж.

Электр қуатының әзірлігін
ұстап тұру бойынша
көрсетілетін қызметті сатып
алу туралы үлгілік шартқа
2-қосымша
Нысан

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің, оның ішінде осы көлемде ескерілген өндіруші қондырғыларға (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) келетін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің бір бөлігінің шарттық есебі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.10.2020 № 368 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы Есеп Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 688 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай сатып алушы құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасасатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемін айқындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12510 болып тіркелді).

1. Параметрлері.

1-кесте*

№	Э О Ұ станциясының атауы *	Параметрлері***			
		$t_{орт(5)}$ °C	$t_{тік,}$ °C	$t_{кері,}$ °C	$G_{цирк,}$ тонна/сағ
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					

Кестенің жалғасы

Параметрлері***						
$G_{толық,}$ тонна/сағ	$Q_{айн,}$ Гкал/сағ	$t_0,$ оC	$Q_{толық,}$ Гкал/сағ	$Q_{шсық,}$ Гкал/сағ	$Q_{рсқ,}$ Гкал/сағ	$Q,$ Гкал/сағ
7	8	9	10	11	12	13

Ескертпе:

МВт – мегаватт;

Гкал/сағ – сағатына гигакалория;

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері ондыққа дейінгі дәлдікпен көрсетілген;

** - жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдарының құрамына кіретін жылу электр орталығы,

(бұдан әрі – ЭӨҰ станциясы);

*** - параметрлер үшін мынадай белгілер қолданылған:

1)

$t_{орт(5)}$

– өткен күзгі-қысқы кезеңіндегі ең суық бес күндіктегі сыртқы ауаның орташа температурасы, Цельсий градусында $^{\circ}\text{C}$;

2)

$t_{тік}$

– ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша тікелей суының температурасы, өткен күзгі-қысқы кезеңіндегі ең суық бес күндіктегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес, Цельсий градусында $^{\circ}\text{C}$;

3)

$t_{кері}$

– ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша айналма суының температурасы, өткен күзгі-қысқы кезеңіндегі ең суық бес күндіктегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес, Цельсий градусында $^{\circ}\text{C}$;

4)

$G_{цирк}$

– ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша су айналымының максималды мәні, тонна/сағ;

5)

$G_{толық}$

– ЭӨҰ станцияларының қолданыстағы температуралық графигі бойынша толықтырудың мәні, тонна/сағ.

6)

$Q_{айн}$

– айналма суы бар ЭӨҰ станциясының жылу беру қажетті қуаты мәнінің тиісті жылдағы жоспардағы максималды мәні, Гкал/сағ;

7)

t_0

– өңделмеген шикі судың температурасы, өткен күзгі-қысқы кезеңіндегі ең суық бес күндіктегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес, Цельсий градусында $^{\circ}\text{C}$;

8)

$Q_{толық}$

– ЭӨҰ станциясының толықтырумен жылу жіберудің қажетті қуатының тиісті жылдағы жоспардағы ең көп мәні, Гкал/сағ;

9)

$Q_{шсық}$

– өткен күзгі-қысқы кезеңіндегі ең суық бес күндіктегі аралықта тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының шындық су ысыту қазандықтарының орташа жылу қуаты, Гкал/сағ;

10)

$Q_{рсқ}$

– өткен күзгі-қысқы кезеңіндегі ең суық бес күндіктегі аралықта тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге қатыстырылған ЭӨҰ станциясының редуциялы-салқындатқыш қондырғылардың барлық түрлерінің орташа жылу қуаты, Гкал/сағ;

11)

Q

– жылыту іріктеуі бар және күзгі-қысқы кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының жұмыс істеп тұрған барлық генерациялайтын қондырғыларының тиісті жылдағы жоспардағы ең көп жылу жүктемесінің деңгейі, Гкал/сағ.

2-кесте*

№	Э О Ұ станциясы ГҚ атауы**	п***				
		$Q_{белг.гқ}$, Гкал/сағ	$Q_{белг.гқ}^{(ЖЭО)}$, Гкал/сағ	$Q_{гқ}$, Гкал/сағ	$P_{мин.гқ}$, МВт	$P_{мин}^{(ЖЭО)}$, МВт
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						

Ескертпе:

МВт – мегаватт;

Гкал/сағ – сағатына Гигакаллория;

* - қолданыстағы энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін әрбір жылу электр орталығы бойынша жеке толтырылады, бұл ретте кесте параметрлерінің сандық мәндері ондыққа дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** - жылыту іріктеуі (іріктеулері) бар және күзгі-қысқы кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдарының (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясы) құрамына кіретін жылу электр орталығының генерациялайтын қондырғысы;

*** - параметрлер үшін мынадай белгілер қолданылған:

1)

$Q_{белг.гқ}$

– жылыту іріктеуі (іріктеулері) бар және күзгі-қысқы кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының генерациялайтын қондырғыларының белгіленген жылу қуаты, Гкал/сағ;

2)

$$Q_{\text{белг.гқ}}^{(\text{ЖЭО})}$$

– жылыту іріктеулері бар және күзгі-қысқы кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының барлық генерациялайтын қондырғыларының белгіленген жылу қуаты, Гкал/сағ;

3)

$$Q_{\text{гқ}}$$

– жылыту іріктеуі (іріктеулері) бар және күзгі-қысқы кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының генерациялайтын қондырғыларының тиісті жылдағы белгіленген ең көп жылу жүктемесінің деңгейі, Гкал/сағ;

4)

$$P_{\text{мин.гқ}}$$

– ЭӨҰ станциясының генерациялайтын қондырғысының (оның жылу жүктемесіне белгіленген деңгейінде) ең аз электр қуатының тиісті жылдағы жоспардағы максималды мәні, МВт;

5)

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЖЭО})}$$

– ЭӨҰ станциясының генерациялайтын қондырғыларының (оның жылу жүктемесіне белгіленген деңгейінде) ең аз электр қуатының тиісті жылдағы жоспардағы максималды мәні, МВт.

3-кесте*

№	ЖЭО атауы**	Параметрлері***			
		$P_{\text{мин}}^{(\text{ЖЭО})}$, МВт	$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})}$, МВт	$P_{\text{өт}}^{(\text{ЭӨҰ})}$, МВт	ҚК , МВт
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					

Ескертпе:

МВт – мегаватт;

Гкал/сағ – сағатына гигакаллория;

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері ондыққа дейінгі дәлдікпен көрсетілген;

** - жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясы) құрамына кіретін жылу электр орталығы;

*** - параметрлер үшін мынадай белгілер қолданылған:

1)

$P_{\text{мин}}^{(\text{ЖЭО})}$

– ЭӨҰ станциясының генерациялайтын қондырғыларының (оның жылу жүктемесіне белгіленген деңгейінде) ең аз электр қуатының тиісті жылдағы жоспардағы максималды мәні, МВт;

2)

$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})}$

– ЭӨҰ станцияларының генерациялайтын қондырғыларының (оның жылу жүктемесіне белгіленген деңгейінде) ең аз электр қуатының тиісті жылдағы жоспардағы максималды мәні, МВт;

3)

$P_{\text{өт}}^{(\text{ЭӨҰ})}$

– энергия өндіруші ұйымның өзіндік тұтынуының тиісті жылдағы электр қуатының максималды мәні, энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметін сатып алу туралы шартта көрсетіледі, МВт;

4)

ҚК

– құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар бірыңғай сатып алушымен жасасатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі, МВт.

2. Осы Есепте көрсетілген барлық генерациялайтын қондырғылардың тәуелділік графиктері (Есепке қоса беріледі).

Бұл ретте әрбір тәуелділік графигіне тиісті генерациялайтын қондырғының (оның жылу жүктемесіне белгіленген деңгейінде) минималды электр қуатының осы тәуелділік графигі бойынша процестің қадамдық сипаттауы және көрсетілген әрбір қадамның егжей-тегжейлі негіздемесі қоса беріледі.

Егер ЭӨҰ станциясы генерациялайтын қондырғысының бірнеше буды іріктеулері болса, онда процесті қадамдық сипаттаудың көрсетілген осы тармағында Есепте қолданылатын іріктеулер арасындағы буды бөлу негіздемесі де көрсетіледі.

Егер есептеу графигін пайдалану үшін іріктеуден бу энтальпияларының мәнін пайдалана отырып, аралық есептер пайдаланылған жағдайда, онда осы тармақта көрсетілген процестің қадамдық сипаттамасында қолданылған формулалар мен пайдаланылған бастапқы деректерді егжей-тегжейлі сипаттауы бар осы есептер көрсетіледі.

3. Осы Есепте көрсетілген жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымының құрамына кіретін барлық жылу электр орталықтарының жергілікті атқарушы органмен

келісілген алдағы күзгі-қысқы кезеңге бекітілген температуралық графиктері (Есепке қоса беріледі).

4. Осы Есепте көрсетілген барлық генерациялайтын қондырғылардың құжаттық деректемелерінің көшірмелері (Есепке қоса беріледі).

5. Растайтын құжаттар (Есепке қоса беріледі):

1) өткен күзгі-қысқы кезеңіндегі ең суық бес күндіктегі күндер;

2) өткен күзгі-қысқы кезеңнің ең суық бес күндік орташа мәні осы Есепте көрсетілген ең жоғары су жылыту

қазандықтарының және осы бес күн ішінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станцияларының редуциялық-салқынлату қондырғыларының барлық түрлерінің жылу қуаттарының осы есебінде көрсетілген орташа мәні;

3) өткен күзгі-қысқы кезеңдегі ең суық бес күндіктегі сыртқы ауаның орташа температурасының мәні;

4) өткен күзгі-қысқы кезеңдегі ең суық бес күндіктегі өңделмеген шикі судың орташа температурасының мәні.

6. Осы Есептің 1, 2 және 3-кестелерінде көрсетілген параметрлердің мәні анықталған (Есепке қоса беріледі) нәтижелердің кадамдық есептеу сипаты (осы Қағидаларда көрсетілген формулалар бойынша).

Электр қуатының әзірлігін
ұстап тұру бойынша
көрсетілетін қызметті сатып
алу туралы үлгілік шартқа
3-қосымша

Субъектінің өзі тұтынатын электр қуатының максималды мәні, бөлшек сауда нарығының субъектілеріне жеткізудің максималды электр қуаты және жылдар бойынша экспортының максималды электр қуаты*

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 02.06.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	Кезең, жыл**	өзі тұтынатын электр қуатының максималды мәні, МВт	оның ішінде:	Бөлшек сауда нарығының субъектілеріне жеткізілетін максималды электр қуаты, МВт	Экспорттың максималды электр қуаты, МВт
			Электр станцияларының өз қажеттіліктеріне арналған электр қуатының максималды мәні, МВт***		
1	2	3	4	5	6
1					

2					
3					

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері ондыққа дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** - кезеңдер осы Шартқа 1-қосымшада көрсетілген кезеңдерге сәйкес келуі тиіс және мына форматта көрсетіледі: 20__ ж.

*** - Субъектінің электр станцияларының барлық жеке қажеттіліктеріне жұмсалатын электр қуатының максималды мәнінен, сондай-ақ Субъектінің осы электр станцияларының барлық шаруашылық және өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалатын электр қуатының тиісті максималды мәнінен тұратын Субъектінің электр станцияларының жеке қажеттіліктеріне жұмсалатын электр қуатының ең максималды мәні.

Шарттар "Электр энергетикасы туралы" Заңның 15-3-бабы 3-1-тармағының 1), 1-1) және 2-1) тармақшаларына сәйкес жасалған жағдайда, осы қосымша электр қуатын аттестаттау жүргізілгеннен кейін толтырылады.